Парсы ақыны Сағдидің мына бір өлең жолдарын да «шарап» ұғымының мәні кең екенін дәлелдейді:

Елжірей сүйеді олар бір құдайды,
Күнкөріс күйбеңіне жуымайды.
Бір ғана шындық жолын байқап көріп,
Ішеді тойда шарап шайқап – төгіп.[37–144]

Шығыстың қай ақыны болмасын «шарап» арқылы іштегі шер, мұң, қайғы, қуаныш, жұбаныш, ашы сынау, махаббатты шарап арқыл жыр етеді. Сондай – ақ бұлбұл мен гүл арқылы да адам басына түскен қиындықты, халықтың мұңын жоқтаушы ақындарымыз айтпақ ойын, іштегі шерін бұлбұл сияқты өмірден зарлап өтетінін байқадық.

Мәшһүр – Жүсіп қоғамдық – саяси өмірге әлеуметтік тұрымыстық тіріліктің қиын жағдайының бел ортасында болды. Әсіресе оқу – білімге, өнерге, еңбекке шақырып жазған өлеңдері өтте мол. Ал, парсы ақындарының туындыларында да ғылымның халыққа соншама қажет екенін айтқан өлеңдері де жетерлік.

Қазағым, өнер ізден, ұрлық – зорлық,
Қыласың бір – біріңе неге озбырлық.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басына келген жоқ па талай қорлық.[13- 14]

Жерұйық – кеудем толған, кілтті – тілім,
Сөйлеткен кілтін ашып, ғылым, білім.
Өркімнің кілтін бұрап жібергендей.
Сөйлеттің сонша алыста жатып, інім! [14–1,310]

Ақын бірінші шумақта ел – жұртына өнерлі бол, бірілікшіл бол егер бірілікшіл болмасаң бір – біріне зорлық, жамандық жасасаң, ауыз бірліктерін кетсіді десе, екінші шумақта ақын өзін «жерұйыққа» теңейді және «кілтті тілім» деп өз кезіндегі келеңсіз жағдайың әсерінен тиген көп қиындықты ақын басынан кешіреді. Ақын ғылым – білім арқылы жеткенін және ғылым білім арқылы өзге де адамдар жеткенін айтып, оқу – білімге шақырады.

Мәшһүр – Жүсіптің «Жер мен көк» киссасында «ақылды» Адамның сөзін тандап алғаны айтылады:

Адам тандап бәрінен ақылды алған,
Ақыл барған жерінен иман барған. [31–2,137]

Мәшһүр – Жүсіптің «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» өлеңінде адамға ақыл беру Алланың берген сиы екенін білдіреді.

Ғылым менен ақылды бердім бұған,
Бәрің бұған боласың құлақ кесті. [14–1,38]
деп періштелерге бұйрық беруде байқалады.

Ал, Жүсіп Баласағұн болса өз ойын былай деп жеткізеді.
Ақыл, білім бейне кісен кісіге,
Кісенді ашып бармас қылмас ісіне.

Білімсіз кісі мәуесіз бір ағаш,
Мәуесіз ағашты ешкім керек етпес. [40–171]

енді бірде:
Білімді – аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды,
Надандықтың аңсағаны дау болды. [40–68]

Осы мысалдардағы «білімді», «білімсіз» сөздерінің канниальқты айырмасы бар екенін ұғынуға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдарда «Сөйлеткен кілтін ашып ғылым білім» десе «Ақыл білім бейне кісен кісіге» деп жырлайды екі ақын. Екі ақынның ойы бір түйінді білдіреді, «ғылым білім», «ақыл – білім» дерексіз ұғым заттандырыла қолданылып «Сөйлеткен кілтін ашып» есімшелі метафора және «бейне кісен кісіге» шарттылық әрі кейіптеу. Парсы ақыны Әбілхасан Рудаки «білім» туралы өз ойын былай жеткізеді.

Білім – өшпес жүректе жанған шырақ,
Ол – көк сауыт, құрыштай қару – жарық! [39–58]

Акын «білім – өшпес жүректе жанған шырақ» деп акын білімді болсаң алмайтын камал жоғын, өміріннің ең басты байлығы екенін айтады және «От – көк сауыт, құрыштай қару жарак» күрделі тенеу, «жүректе» дерексіз ұғымды жандандырып «жанған шырақ» шарттылық арқылы мәнді ұғымды білдіреді.

Парсы ақыны Сағдидың «білім» туралы ақынның ойын байқасақ, Акын білімді адам қандай жерден болсын алып шығатынын айтады

Бас сұғып тата алмаған орда асын,
Білімнің ашар бір – ақ дарбазасын.[37-131]

деп акын «Білінің ашар бір – ақ дарбазасын» дегендегі «дарбазасы» метафора тәсілі арқылы қолданылған. Бұл келтірген мысалдардағы «білім» туралы әр ақындарымыз өз көзқарасын әр жақты етіп жеткізгенін байқадық. Сонымен қатар ақындарымыздың айтпақ сөйіс халықты білімді – өнерді болуға шақырады.

Сондай – ақ акын және парсы туындыларынан «соқыр» сөзінің баламасы да жиі кездеседі. Мысалы: Омар Һәйямда табиғи соқырлықты сөз етіп тұрған жоқ, өмірде бас амандығынды ойлап соқыр, сонырау, тілсіз жүріп жан бағуды сөзетеді.

Дүниеде ақыл – ойға мінсіз бол сен,
Айтылса жаһан жайы, үнсіз бол сен.
Құлағың, көзің, тілің сау тұрғанда,
Соқыр бол, санырау бол, тілсіз бол сен.[27-77]

Ал, Хафиз болса наландар бар өз ісіне қарамай басқаның ісіне қоз салып, қоралмаушылық, дұшпандық ойлаушыларды жинақтап берген.

1. Екі ақымақ елте тындап бір – бірінің өсегіне сенеді,
Дейді олар біз тұрғанда кім еді ол Әбу Әли дегені.
Керісінше соқырлар бар өзі ісіне жіті көзбен қарайтын.
Көзі ашықтар, тап сендерге соқырлардан күдіктенбеу керекі.[36-229]
2. Көңіл соқыр, жаны жалған адамдардан аулақ бол!
Құмай күстай Қаф тауында самға шыркау қияннан![36-163]

Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының «Соқыр, санырау және жалаңаш» өлеңінде үш түрлі адамды сипаттайды соқыр, санырау, жалаңаштың өз жеңіспеушіліктерін білмегені, білгісі келмегені үшін көп қиындық көретіні бейнеленеді. Ақынның бұл шығармасында кездесетін «соқыр» жүргі көретінді көрмейді өзгелер көрмейтін ұсақ – түйекті алдымен көріп қойатыны айтылады.

Керек істі көрмейді өз басына,
«Соқыр» деп, салдым соны сөз басына.
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жүктырар соқырлығын жолдасына.[31-2,22]

Парсы әдебиеті мен Мәшһүр – Жүсіптегі бейнелеу құралдарының дәстүрлігі.

Мәшһүр – Жүсіп және парсы акындарының туындыларынан бейнелеу құралдарының өзектестігі мен үндестігіне назар аударып отырып талдау жасаймыз. Поэзияда троптың айшықтау, құбылту, ажарлау тәсілдері өте жиі ұшырасады. Акындарымыз айтпақ ойын неғұрлым әсерлі етіп жеткізу үшін, белгілі бір зат пен екінші бір затты салыстыра отырып айтпақ ойын троп басын жеткізіп отырады. Сол сияқты дерексіз ұғымды заттандырып, заттандыра отырып бір затқа не адамға тағы басқаға айналтырудың да ойындық сырын аша отырып, белгілі бір ойды акын, астарлы етіп жеткізу поэзия тілінде үлкен өрнек тапқан.

Акынның стилі мен тілі парсы поэзиясының ұлы акындарының тілімен үндес екенін еске ала отырып, поэзия үндестігін ашуды мақсат етіп отырмыз. Дерексіз ұғымды заттандыру жандандыру да «жан», «өден», «жәңді» сөздеріне талдау жасап көрмекпіз.

Мәшһүр – Жүсіп Көпеев шығармаларындағы «жан» сөзінің қолданысына назар аудармақпыз.

1. Ғазірейлі алып кетті жанын тартып,
Дәуір өтті жас бала иман айтып.[14–1,90]
2. Мінген жан сені желіп шапқан екен,
Арканды ошақтай ғып баққан екен.[14–1,331]
3. Сөйлесе, бал шекердей тілі майда,
Ондай жан енді анадан болмас пайда.[14–1,307]

Бірінші шумақтағы «жан» сөзі дерексіз ұғым жандандырыла қолданған. Мұнда адамның өлер кезде бойынан жаны шығатынын айтса, Ал, екінші шумақтағы «жан» сөзінен ат баласына аяушылығы жоқ, малдың қадірін, бақисетін білмейтін немесе ақымақ адам ит қып мініп малдың екінші бақырысын байқаймыз. Үшінші шумақтағы «жан» сөзі шенен адамға қайғы-мұңмен қолданған. Қарапайым адам емес, «сөйлесе бал шекердей тілі майда» жан екенін, «ондай жан енді анадан» өмірге қайта келмейтініне екінші білдіргенін байқаймыз.

Парсы акыны Әбілхасан Рудаки «жан» сөзін қалай қолданғанын байқасақ,

1. Қайғырғанда жүзіме қарар жан жоқ пендеден,
Көпсіне ме дүниенің жұбанышын бір менен.[34–35]
2. Уа, жарандар, досының қағын басқа арнай жүр,
Жалғыз қолмен қос қарбыз көтерген жан жоқ өзір.[34–35]
3. Жаным бір кірер, егер сен,
Жағымнан тартып жіберсен.[34–36]

Мұндағы «жан» сөзі дерексіз ұғым заттандырылып қолданған. Акын қайғырғанда жағдайын сұрайтын жұбаныш болмағанына қиналып, бүт дүниеде қайғысына ортақтасатын адам бір езіне жоқ болғанына қиналғандықтан екінші шумақтағы «жан» сөзі дерексіз ұғым жандандыра отырып акын

адамдар бір – біріне қайырымды болуға үндейді. Әділдік шындық жолын аңсайды. «Біреуге жамандық ойлағанша, өз басынның амандығын ойла» деген сияқты. Үшінші шумақтағы «жан» сөзі дерексіз ұғым заттандырып қолдана отырып, тура мағынасында да қолданған. Әдетте адам талғанда жағынан тартып, су себіп оятады. Сол сияқты мұнда ақын ауыр қияла шомылғанда есін жию үшін «Сен жағымнан тартып жіберсең» жаным қайта өз орнына түсер ет деп, сен деп екінші біреуге мензеп айтып тұр.

Сондай – ақ «көңіл» дерексіз ұғымды заттандыру, жандандыру да әр ақынның өзіндік стилі бойынша ерекше етіп суреттейді.

Түркі ақыны (XI ғ.) да өмір сүрген Жүсіп Баласағұн «көңіл» сөзін былай қолданған.

1. Халыққа жақ, көңілі – тоқ, көзі – тоқ,
Ойы терең, тілі майда, сөзі шоқ.[41–166]
2. Мейрімді болсын көңілі, кезі тоқ,
Құлқы жақсы, мірдей ұшқыр сөзі – оқ.[41–167]
3. Адамның көңіл – күйі бейне бір ат секілді,
Бірде семіреді, бірде азады [41–176]

Бірінші шумақтағы «көңіл» сөзі дерексіз ұғымды жандандыра отырып «сөзі шоқ» сөзі арқылы /метафора/ болып келеді. Сонымен қоса «ойы», «тілі» сөзі де дерексіз ұғымды заттандырып қолданған. Яғни «ойы терең» жәй теңеу емес, /күрделі теңеу/ екенін байқауға болады. Ал, екінші шумақтағы «көңіл» сөзі де бірінші шумақтағыдай /теңеудің күрделі/ түрін қолданған «мірдей ұшқыр сөзі – оқ» жәй оқ емес дәл тиетін, әрі қатты тиетін оқ және де еттен өтіп сүйекке жететін ұшқыр оқ екенін байқаймыз. Мұндағы «сөзі – оқ» сөзі әрі дерексіз ұғым жандандырыла қолданған. Сонымен үшінші шумақтағы «көңіл» сөзі дерексіз ұғымның жандандыра отырып адам бейнесін көрсете білген. Онда семіру, азу бұл жерде малға қатысты емес, адамға қатысты қолданған. Адамның семіруі, азуының өзі көңілге байланысты екенін аша түскен.

Мәшһүр – Жүсіп Көпеев те «көңіл» сөзін қалай қолданғанын салыстырып қарастырамыз.

1. Өткен күн, жүрген жерлер еске түсіп,
Барсам деп тағы айналып көңіл көшіп. [14–1,260]
2. Өркімнің көңіліндегі датын тауып,
Бір түскен сәулесі едің жарық нұрдың. [14–1,274]
3. Тіл қисайса түзетер ақыл тез бар,
Мағкұлатны сезуге көңіл көз бар. [14–1,295]

Бірінші шумақтағы «көңіл» сөзі дерексіз ұғымның жандандыра қолданыстауы оған қоса «өткен күн» /символ/ бостандық күнін аңсауы және туған жеріне оралуды аңсауы ақынның. Ал, екінші шумақтағы «көңіл» сөзі дерексіз ұғымның заттануы. Ондағы ақынның айтпағы «көңілдің даты» деп өңірғаны кек пен қасты тауып оған сәуле мен жарық нұр шашу ақынның сыйы. Үшінші шумақтағы «көңіл» сөзі дерексіз ұғымды жандандырып «тіл

мен көз» деректі ұғымды жандандыра отырып «ақыл тезі» дерексіз ұғымды заттастырып әрі /метафора/ болып тұр. Сонымен қоса жөй тез емес, шоктың метық жалынына салып түзететін тез. Адам көңлінің көзі ақыл болса, сол сияқты «ақыл тезі» де адамды түзейтін бұрыс емес тұра жолға, адал жолға салушы скенін білеміз. Ал, «көңілдің көзі» ақыл да болса, білімнің көзі ақында скенін айту қиын емес. Соған қоса «бұлақтың көзі» десе тура мағынада айтылса «көңіл көзі» бұл арада ауыспалы мағынада /метафора/ қолданған. Сонымен ақыл көңлді де, тілді де, көзді де түзетуші шындыққа жетелеуші күш екеніне табына білу.

Жүсіп Баласағұн да Мәшһүр – Жүсіп Көпеев те өз заманының еңгісі әрі өзі өмір сүрген қоғамға байланысты үн тастаған ұлы ақындар. Бірі «көңілді» тоқ мейірімге, оққа, шокқа, тенесе екіншісі, «көңілді» көшке, датқа, көзге балай отырып өз заманында ащысы мен тәтісін қатар көрген скенін байқаймыз.

Қарастырмақ болып отырғанымыз «ақ» сөзінің балама ретінде қолданылуына назар аудармақпыз. «ақ» сөзінің шығу төркіні жағынан арабтың шындық, ақиқат, әділдік ұғымын білдіреді. Сонымен қатар «ақ» сөзі адал, айыпсыз, күнәсіз таза мағынада қолданылады.

Поэзияда «ақ» сөзін ақындарымыздың туындыларынан салыстыра отырып қарастырсақ. Мысалы:

1. Ақ сұңқар аспандағы түсер торға,
Өрлеген өнер паздар жығылды орға.
Ес кетіп жан шыққандай іс болғанда,
Құтылып кейбіреулер шығар зорға.[14-1,261].
2. Санқылдаған ақ сұңқар құс қонар қиян тұғырға,
Қайдағы бір қапасаға кеп ұя салма залал көп.[14-1,154]

Екі ақын «ақ сұңқар» сөзін қолдануда адамға тән болама ретінде қолдана отырып, ақындарымыздың басынан кешкен қиын жағдайды сөз етеді. Алғашқы шумақтағы «ақ» сөзі эпитет болса, «ақ сұңқар» метафоралық эпитет десек, «өрлеген өнерпаздар» сөзі шарттылық арқылы «түседі торға» «жығылды орға» кейіптеу. Әдетте орға, торға түсу бұл арада адам болмай, хайуан бол қиын қапастан құтылу қиын жағдай. Бұл арада адамның басына түскен қиындықты сөз етеді. «Ес кетіп жан шыққандай іс болғанда» тармақта ақындарымыздың кейбіреулерінің басынан кешкен қиын іс болғанын сөз ете отырып, ес кетіп жан шыққандай уақытта ордан да тордан да аман құтылып, бас амандығын тілеген ақындарымыздың басынан кешкен қиындығын байқаймыз. Екінші шумақтан «ақ сұңқар» сөзі «ақ» эпитет, «ақ сұңқар» метафоралық эпитет. Демек бұл тармақта «Санқылдаған ақ сұңқар» есімшелі метафора болады.

Сондай — ақ «ақ алмас» сөзін алсақ, өлеңнің құрылысына қарап әрі эпитет, әрі метафора болып келеді.

- Нәпесісін ұстап, қызмет еткен – ақ алмас,
Жауы да оның осал жерін таба алмас.[40-348].

Көпірді қызыл қанға малып еді,
Қанына ақ алмасын жанып еді.[38–75]

Осы екі мысалдағы «ақ алмас» алғашқы тармақта метафора, екінші шумақта эпитет болып тұр. Алғашқы шумақта «ақ алмас» адамға қатысты қолдана отырып, оның өткірлігіне жауы да тисе алмайтынын айтса, екінші шумақта өткір пышақ сияқты «ақ алмаспен» жауын қызыл қанға батырғанын айтса, «қызыл қанға», эпитет «жанып еді» кейіптеу.

Сондай – ақ кез – келген акындардың шығармасынан «жылан» сөзінің қолданысын байқамақпыз. Мәселен, адамды жыланға, не айдаһарға балау нығмыс поэзиясында көптеп кездеседі. Сол үшін біз Мәшһүр – Жүсіп және парсы әдебиеті арасындағы қолданыстан кездестірімекпіз.

Құрметті ел билеген хакімдер де,
Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан.[33–242]

Жаландап айдаһардай ауылынайлар,
Беліне ақ кигізден күйек байлар.[33–244]

Жыланша зақарымен шағып алса,
Жүрегінің басынан кетпес дағы. [14–1,185]

Бұл күні он адамды азат етті,
Ашулы айдаһардың дәл аузынан [14–1,381]

Толғанып оқ жыландай толықсыса,
Білдірмей еш адамға басқан ізін.[14–1,19]

Акын бұл шумақтардағы «жыландай», «айдаһардай» тенеу «жыланша заһарменен» метафора «ашулы айдаһардың» метафоралы тіркес және «оқ жыландай» тенеулі эпитет. Бұл шумақтарда «жылан» балама ретінде қолданылған. Бірінші, екінші шумақта хакімдер мен ауылынайлар халықтың адал еңбегін қанаушы, күшпен тартып алушыларды акын қатты сынайды. Үшінші шумақта «жыланша заһарменен шағып алса» деп отырғаны пайшау әйелдің тілін жыланға балайды және «шағып алса» сөзі шарттылық. Төртінші шумақта пағышанын қақарынан аман қалған он адамды азат еткен Әділ хан бейнесін суреттейді.

«Жылан» сөзін қолдануда Сағди адамдардың теріс көзқарасын және дүние құмар бай, болыс тарды қатты сынап тенеуді.

Жыландай ысылдайды, қаратпайды,
«Зұлымды бұзаманда мадақ тайды».[37–252]

Дүниеқор алтын жиған пайдаланбай,
Қорыған қазынаны айдаһардай.[37–132]

Жыланды асырасан саған ұнап.

Түбінде өзінді кеп шағары анық.[37–26]

Мұндағы «жыландай ысылдайды» сөз тіркесі күрделі тенеу, «айдаһардай» тенеу, «қорыған қазынаны» есімшелі метафора, және «жыланды асырасан» сөз тіркесі етістікті метафора. Акын бұзаман ұғымдардың күні туып бір – бірін мадақтап, халықты, жақсыны қанаушы әділетсіздікке акын киналады. Зұлымды асырайсын ертең өзінді шағатынын білмейсін деп акын ескерттеді.

Жүсіп Баласағұн «жылан» сөзі балама ретінде қолдану үлгісіне келсек.

Жаманнан сөз, қор қылады басынды.

Ол у жылан, у мен булар асынды.[40–160]

Дүние – түнек, іші – оқ жылан ордасы.

Ұмыт мұны, шын дүние – шын жолдасын.[40–495]

Мұндағы «у жылан», «оқ жылан» метафора. Акын жаманмен жолдас болма, басынды қор қылып, уландырып адастырады өзіне сақ бол дейді.

Тілімізде ең көп қолданылатын «алтын» сөзі метафоралық қолданыс табады. Мағынасы жағынан «алтын» бағалы құнды зат, әрі байлықты білдіреді. Ендеше «алтын» сөзін қолдануда Мәшһүр – Жүсіп пен наресі акындары арасынан кездестіремекпіз. «Алтын» сөзі көріктеуін құралы ретінде де кездестірсек.

Құдайым айырмасын берген бақтан.

Пайда жоқ күн туғанда алтын тақтан.[14–1.162].

Келгенін қара құлдың ұнатпадым.

Ішіне алтын орда жолатпадым. [42–3.105].

Алтын тәж ақ маңдайын сүйгені ме,

Мойынына құлдық камыт кигені ме[37–55].

Алла үшін жетті мұхит бір – ақ тамшы.

Алтын күн – жалғыз ұшқын Құлақ салшы.[37–158].

Алтын қойма еді ол әркім көріп тандаған.

Оны ардақтар әрдайым о жалған да, бұжалған.[34–16].

Міне, осындағы «алтын» сөзі елін, халқын әділ жолмен билеуші хандардың тағы қашанда дайын екенін айтады. Мұндағы «Алтын тақ» «алтын орда» «Алтын тәж» «Алтын күн» сөзі көріктеуін. Ал, үшінші шумақта акын таққа мастанба, оданда бақтан айырылма Құдайдың берген сиын ұмытпа дейді. Төртінші шумақтағы «алтын қойма еді ол» дегені акын өзі немесе басқа біреуді айтуы мүмкін. Оның талантын, дарынын әркім ардақтап құрметтейтінін айтады.

«Алтын» сөзі метафора ретінде қолданылуын карастырсақ.
Бұл күнде алтын азып жез болыпты,
Дүниеде жақсы – жаман сөз болыпты.[31–2,44]

Жезде бір алтын да бір жерде қалса,
Қадірлеп ешкім қолға алмаған соң.[14–1,159].

Алтын үй:су (сүр) шыныдан терезесі,
Есігі кіріп шығар – алтын қақпа.[31–2,84]

Болғанда біреуге алтып, біреуге мыс,
Табылса киімге астар, жоқ болып тыс.
Қортып алтын қылып бір ала алмай,
Бейнетпен өтті өмірім (ғұмырым) сол жазы – қыс.[14–1,22].

Алтын едім, мыс болдым,
Ғауһар едім, жез болдым. [42–3,89].

Мұндағы алғашқы шумақтағы «алтын азып, жез болыпты» сөзіндегі «алтын» метафора, «жақсы – жаман» антоним. Бұл шумақта айтып өйі ақынның жақсының қадірі кетіп жамандардың күні туып тұрғанын мензейді. Ал, үшінші шумақтағы «алтын үй», «алтын қақпа» метафора және «біреуге алтып, біреуге мыс», «киімге астар, жоқ болып тыс» дегені кедейлердің қолы қысқалығына қиналып қысы – жазы істеген еңбегінің пайдасын көрмей бейнеттенгенін суреттейді. Сондай – ақ байлар, бектерге алтын мыстай болса, кедейлер алтын тұрмақ мыста қолына түспей аш жаланапш қиындық кешкенін байқаймыз. Соңғы шумақта ақын өз басынан кешкен қиындықты сөзетсе керек.

Парсының ұлы ақыны Жәми де «алтын» сөзі былай бағалайды.
Алтын айым таста серпіп бұ зілді,
Енді қайтып мұң шалмасын жүзінді.[35–197].

Осы шумақтардағы «алтын айым» сөзі метафора. Себебі махаббаты үшін күрес екенін байқаймыз. Ал, парсының ұлы ақыны Әбілхасан Рудаки де «алтын» әрі эпитет, әрі метафора тәсілі арқылы қолданған.

Қара бір үйрек қалықтап, теңізде жүрсе телегей,
Өзін өзі сезеді алтын артқан кемедей.[39–51]

Болса да шашың сүмбіл, басың бұйра,
Болса да сансыз алтын, күміс солар.[34–12].

Сонымен «алтын» сөзі метафора десек, «алтын артқан кемедей» теңеулі эпитет «қара бір үйрек» метафоралы эпитет. Себебі бір үйрек дегені елін, халқының жағдайын ойлап, әділдікпен елді бастап, халқының

тұрымысын жақсартатын әділ басшы «тенізде жүрсе телегей» дегені халықты байылыққа кенелтсек, тыныштық болса, бостандық таңы атса деп армандауын да байқаймыз.

Түркі ақыны (XI ғ.) да өмір сүрген Жүсіп Баласағұн туындыларынан «алтын» сөзі метафора ретінде қолданылуын қарастырсақ.

Жаңа ұлыс, жаңа қала тізілді,
Алтын – күміс қазынаға түзілді.[40–140]

Басқа екі күш, сақтап елді қалатын,
Бірі – қылыш, екіншісі – сары алтын.[40–302].

Бұл шумақтарда «алтын күміс», «сары алтын» метафора. Мұнда халықтың тұрымысы жақсара бастағанын байқаймыз. Жаңа үйлер салынып, астық молыға бастауы елдің ішінеде тоқтық, бостандық алып енді бас кетере бастағанын байқасак. Соңғы шумақтан елді жаудан, аштықтан қорғайтын екі нәрсе екенін білдірсе «бірі – қылыш, екіншісі – сары алтын» екенін сөз етеді.

Сондай – ақ ақындарымыз «алтын» сөзін жеке алмай күрделендіре қолданған.

Қадірін сол алтынның білмедік біз,
Тіл айтып, сөз тауһарын жібекке тіз.[14–1,293]
Қылыштай қынабы алтын, жарқ – жүрк еткен,
Асылың енді біздің түсті көзге.[14–1,342].

Алтыннан нұрлы орамал қолына алып,
Ғарыштын қиясынан орын алып
Үстіндегі киіміне көз тұрмайды,
Жүзінен сағымыт алған күн оралып.[31–2,328].

Қам жүрегім толы еді асыл қазына, алтын сөзге,
Басқан мәрдей өлең жолы кітабымнан түсер көзге.[43–1–].

Жаһан жүзі алтын түске шағылды,
Күнін жақұт өңі запыран жамылды.[40–514].

Көктем жауған жанбырдан тек су тамса,
Онан жібек, алтын тасқын заулады.[27–23].

Үй – күйсіз бар ғұмырын тәркі қылған,
Ел кезіп даналықтан алтын жиған.[37–20].

Ей, байшыкеш, зер салшы өзін ардан ада кеудеңде,
Алтын таулар, асыл тастар үйгенің де байансыз.[36–185].

Осы шумақтағы «алтын» сөзімен тіркесіп тұрақты сөз тіркесін жасап белгілі бір баламаға ие болып әр түрлі мағынаны білдірген. Бастапқы екі шумақтағы «қадірін сол алтынның», «кылыштай қынабы алтын» «Алтыннан нұрлы орамал» күрделі метафора және «сөз гауһарын жіпке тіз» күрделі метафора. «кылыштай» теңеу «біз» метафора әрі синоним. Біз қадірлейтін ардақты адамдарды қадірлей алмадық деген өкініш бар. Ал, үшінші шумақта «асыл қазына, алтын сөзге» күрделі метафора десек «өлең жолды» дерексіз ұғымды заттандырып тұр. Және «басқан мөрдей» теңеу бір – бірін әсерлі етіп суреттейді. Мұнда акын жүдеу жүрегімдегі өлеңім асыл сөздерім қазына болып кітапта сақталып жабулы қалады ма деген мұн бар – ақынды. Төртінші шумақтағы «алтын түске шағылды» күрделі эпитет. «жаһан жүзі» метафоралық тіркес әрі синоним (әлем) және екі тармақ күрделі метафора десекте болады. Сондай – ақ Омар һәйям «алтын тасқын заулады» күрделі метафора. «жібек» метафора болып табиғаттың әсем бейнесін керемет суреттеген. Ал, бесінші шумақта «алтын жиган» есімшелі метафора. Мұнда акын ел кезіп, ғұмырын өткізгенін сөз етеді. Соңғы шумақта «алтын таулар, асыл тастар» күрделі эпитет. Қанша байлық жиғанмен ардан, ұяттан таза болмасаң баянсыз дүниен керегі не деп мензеп тұр. Одан да іш же керетіне жарат, қайырым қыл басқаға аяушылық ет дейді.

Сонымен бірге «алтын» символдық белгі ретінде де қарастырсақ.

Күн шықты да алтын шапақ таралды,
Күлі жаһан аққу құстай таранды.[40–526]

Жаһан жайнап, алтын шапақ көрінеді,
Қайғы – түнек тарап, шаттық тербеді.[40–51].

Есігін алтын қылды, тысы – жақұт,
Топырағын таза жауһар, жайды бар қып.[31–2,122]
Жұмақтың асты да – алтын, үсті де – алтын,
Ішіне кірген жанның жүзі жарқын.[31–2,124].

Сондай – ақ «алтын» сөзі метонимия ретінде де кездеседі. Мәшһүр – Жүсіпте қанатты сөз ретінде кездесетін мысалдар көп.

Аз сөз – алтын болғанда, көп сөз – күміс,
Ақыры осыменен тамам етсін! [14–1,280]

Көп сөз – көмір, -- мақал бар, -- аз сөз – алтын.
Ұзартпай енді сөзін тамам етсін. [31–2,82].

Мақал бар: «аз сөз – алтын, көп сөз – көмір».
Айтпайын пайғампардың хадис сөзін.[31–2,181].

Сақта Хафиз көңілдегі дүррі – гауһар ойларды.
Алайактар алтыныңды айырбастар тым арзан.[36–164].

Бұл шумақтарда сөздің күдіреттілігін, сөз етеді. Мұндағы шумақтарда кездесетін «аз сөз – алтын» сөзі метонимия және «алаяқтар алтыныңды» сөзіндегі «алаяқтар» метонимия болып тұр. Демек ақындарымыз айтпақ ойын тобықтай түйінмен ойды нақты етіп қысқада, нұсқа жеткізгенін бірінші, екінші шумақтан байқаймыз. Бесінші шумақта ақынға сақбоя ойындағы алтыныңнан айырылып қалма деген ескерту жасайды, жанашыр жандары. Сөздің күдіретін бағалай білмейтін алаяқтар сөзінді де өзінді де құнсыз қылады деп ескертеді.

Сондай – ақ «жүрек» сөзін ақындарымыздың туындыларынан салыстыра қарастырсақ. Метафоралық тіркес ұғымы да «жүрек» сөзі арқылы көптеп ұшырасады.

Жүрегімнің тілі жоқ, сөйлемес ол,
Ұғып алып, бола гөр соған көмек. [14–1,192]

Қылады шүкір, сабыр білген адам,
Ашылып жүрек көзі, көрген адам. [14–1,200]

Табылмай үш күннен соң ханға келді,
Патшаның жүрегін ашу тілді. [14–1,378]

Көздің майы, жүректің қаныменен,
Суарып күні – түні тілдің ұшын.[31–2,322]

Ақындарымызды салыстыра отырып қарастырғанда Мәшһүр – Жүсіпте метафоралық тіркес жиі кездесетінін байқадық. Бұл төрт шумақтағы «жүрек» сөзінің қолданысына назар аударсақ. «жүрегімнің тілі», «жүрек көзі», «патшаның жүрегін», «жүректің қаныменен» сөздері метафоралық тіркес.

Нарсы ақыны Сағдидін (XIIIғ) мына бір өлең жолдарынан «жүрек» ұғымының мәні кең қолданылған.

Пенде жоқ тіл болмаса толғай алар,
Жүректің сырына кім байлай алар. [37–275]
Кілтіндей асыл сырдың жүректегі,
Тіл берді тәңірі бізге түлеткелі. [37–275]

Мұндағы «жүректің сырына» метафоралық тіркес және «бойлай алар» кейінгеу демек су түбіне дейін бойлау сияқты сырдың түбіне бойлау әдеттегі құбылыс. «толғай алар» әдетте саба толғаса, бұл арада тілмен толғау бір басқа әдеттегі құбылыс. Келесі шумақтағы «асыл сырдың жүректегі» дерексіз ұғымды заттандыра қолданса, «кілтіндей» тенеу «түлеткелі» кейінгеу арқылы қолданылып тұр.

Нарсы ақындары Хафиз және Омар һәйям да «жүрек» сөзін мәнді де өсерлі етіп жеткізген.

Мың жүрек сен кеткенде қалды солып,
Қайтып кел, жүз мың жүрек болсын құрбан.[27–69]

Өмір — бақи күтем оны жел ансаған теректей,
Жүрегімнің отына еріп, май шам болып ағамын.[36–172]

Омар һәйям болса «Мың жүрек сен кеткенде қалды солып, Қайтып кел, жүз мың жүрек болсын құрбан» шумағы күрделі метафора болады. Ондағы «мың жүрек» әрі метафора әрі синигдоха «сен кеткенде» метафора, «қалды солып» кейіптеу әрі шарттылық. Хафиз де «жүрегімнің отына еріп» метафоралы тіркес, «күтем оны» шарттылық, «өмір бақи» дерексіз ұғымды паттандыру болса, «теректей» теңеу егер «жел ансаған теректей» десе күрделі теңеу. Сондай — ақ акын өмірлік бақытын іздеп аңсайтынын байқадық. Және «жүрек» ұғымының кең қолданысын Рудакиден де байқаймыз.

Жүрегім бір дән секілді, махаббатым таудай саған,
Дән жүрегім езілмей ме, сенін тауың ауса маған. [34–9]

Қатал темір жүрегім бар мәр — мәр күзға мың соғылған,
Ант етемін айтып соны, мейлін. [34–9]

Әр түйінге мың сан жүрек түйісген,
Әр өмірге мың сан қайғы оралған. [43–40].

Бұл үш шумақтағы «жүрегім бір дән секілді», дегендегі «дән секілді» «сенін тауың» метафоралық тіркес, «таудай» теңеу «махаббатым таудай саған» күрделі теңеу «ауса маған» есімшелі метафора. Сонымен қатар күрделі метафораны да кездестіреміз. «Әр түйінге мың сан жүрек түйіліп, Әр өмірге мың сан қайғы оралған.» шумақта «мың сан жүрек» синигдоха «түйіліп» сөзі кейіптеу десек «қайғы оралған» дерексіз ұғымды жаңдандырыу «түйін», «өмір» дерексіз ұғым. Акын жүректегі қайғыны өсерлі жеткізу үшін әр өмірдегі түйіндей, түйілген өз заманында шешілусіз түйін күйінде көкіректе кеткен талай — талай тарландардың қайғысы мен мұңын жоқтаушысы болса керек. Акынның сондай шумақтарының біріне тоқталсақ «қатал темір жүрегім бар мәр — мәр күзға мың соғылған» — дейді. Мұнда акынның өз басынан кешкен қиындықты сөз етсе керек. Сондай — ақ «мәр — мәр күзға» эпитет десек «темір жүрегім» метафоралық тіркес, «мың соғылған» есімшеден болған эпитет. Сонымен қатар Рудаки және Хафиз өлеңдерінен «жүрек» сөзі кейіптеу тәсілі арқылы да жасалған.

Оның мұңы менін — дағы кетті қозғап шерімді,
Жүрек жылап тұрғаннан соң көзің жасын ірке ме?[36–171].

Бұл өмірдің қасиеті — саулығында өзіңнің,
Жүрек жүдеп қамықпасын! Нала мұның болмағай.[36–166].

Бұл жаркылдақ жалған ұсқар түс не бір,
Жүрек қалғып, дамыл таппас өсте бір.[34–11].

Хафиз «жүрек жылап», «жүрек жүдеп» деп кейіптеу тәсілін қолдансақ. Әдетте «жүрек кайғырды» десек дерексіз ұғым, бұл арада «жүрек жылап» кейіптеу және «жүрек жүдеп» кейіптеу себебі адам кайғырғанда, ренжігенде жүдеп жадайтыны әдеттегі құбылыс. Ал, Рудаки болса «жүрек қалғып» сөзі кейіптеу.

Эпитет (көріктеуіш) ұғымында ажарлап, әсерлі қолданған «жүрек» сөзін қарастырмақпыз.

Ақылды, есті, алтын жүрек ер болып,
Қалай қазына толтырған жөн, кен болып.[40-43].
Терен ойлы, таза жүрек ақыным,
Білгенін жөн жыр жолының татымын.[35-215].

Түтінсіз жанды – ау тағдыр өрті ішімде,
Ақ жүрек талай адал пақыр еңіреп.[27-46].

Өмбеден артық туған қасиетті,
Жау жүрек, қаһарман ер, асыл текті.[37-123].

Мұндағы «алтын жүрек», «таза жүрек», «ақ жүрек», «жау жүрек» сөздері эпитет. Алғашқы шумақтағы «алтын жүрек», «ақыл, ес» сөздерінің келесі жүректің мықтылығы сондай ауырды да қиындықты да көтеретінін білдірсе, «қазына толтырған» есімшелі метафора арқылы, адам кен ақылды болса, қазына байылыққа толы болатынын айтады. Келесі шумақта Омар Нәйям тағдырына қиналуы, мұңға батуын байқаймыз. «Түтінсіз жандау» деректі ұғымды жандандыру «тағдыр өрті» дерексіз ұғымды заттандыру десек, «адал пақыр» метонимия, «еңіреп» шарттылық. Сондай – ақ Сағди «жау жүрек» сөзін эпитет, «ер» метонимия «асыл текті» метафоралық тіркес, «өмбеден» сөзі синоним (өзгеден, басқадан) мағынада да қолдануға болатын сияқты. Ақын өзін өзге ақындардың бірін сөз етуі де мүмкін.

«Жүрек» сөзі метафора ретінде де қарастырмақпыз.

Ойанбас сұм жүрек ұйықтап жатқан,
Күнәға мұнылық басым күнде батқан.[14-1,154].

Жар аңсап талай – талай өтті сорлы,
Жаралы жүректен кан төкті сорылы.[27-54].

Шындық жолын қуған ер түкті жүрек,
Атак – данқы күн сайын өсті үдеп.[40-85]

Мен бір дәруіш, үрей кеулеп билеп алған кеудені,
Сорлы жүрек бөденедей қорғалайды әр нені.[36-161].

Қара жүрек болса керек анау да,
Бұлбұл ұшты майылы құйырық, палау да.[44-111]

Бұл шумақтағы «жүрек» сөзімен тіркескен тұрақты тіркестер метафоралық тәсіл арқылы жасалған. «сұм жүрек», «жаралы жүректен», «түкті жүрек», «сорлы жүрек», «қара жүрек» сөздері метафора. Екінші шумақтағы «жаралы жүректен» әрі метафора әрі синигдоха және «өтті сорлы», «төкті сорлы» кейіптеу «жар ансап» сөз тіркесіндегі «жар» метонимия. Демек акынның айтпағы талай тарландардың өмірлік жар сүйе алмай құрбан болып өмірден өтіп кеткендеріне киналады. Ал, Жүсіп Баласағұн да «түкті жүрек» сөзі метафора және «қуған ер» есімшесі метафора «шындық жолын» дерексіз ұғымды заттандыру, «атак – данқы» сөзі дерексіз ұғым, «күн» символдық белгі, «өтті үдеп» әрі кейіптеу әрі шарттылық. Демек шындықты ансап, өткір де батыл ерлігімен акындарымыз көзге түсті.

Сонымен «жүрек» сөзі метонимия тәсілі арқылы да кездесетінін байқадық.

Неше түрлі жүрекке түсті жара,
Төнірім салған ісіне бар ма шара.[14–1.354].

Жүрегін екі құлдың жайлап алды,
Азғырып, азғын жолға айдап салды.[37–24].

Мынау сол қасақы бай – дүние қоңыз,
Селт етпес жиылғанға, жүрегі мұз.[37–112].

Құмарлықтың құрбанына қымбатымды қиалман,
Бірғана сен жақынымсың жүрек кілтін ашкандай.[36- 151].

Осы төрт шумақ өлеңнің алғашқы шумағындағы «Неше түрлі жүрекке түсті жара» тармағындағы «неше түрлі жүрекке» әрі метонимия әрі синигдоха «түсті жара» етістікті метафора тәсілі арқылы жасалған. Өлең жолдарынан лирикалық қаһарманның да басынан кешкен қиындықты да сөз етуі де мүмкін демекпіз және басқада көптеген асылдың сынығындай талай тарландарымыздың да жүрегінде не кетпеді, не көрмеді талай қиындықты кешкендерін байқаймыз. Сол сияқты Сағдидың да өлеңдерінен момынды құлым басынған, жақсыға күн тудырмай бір – біріне айдап салып, кім өділ, кім залым екенін айыра алмай талай момын зұлмдарға жем болғанын ашына сөз етеді. Мысалы: «жүрегін екі құлдық» метонимия, «жайлап алды», «айдап салды» әрі кейіптеу әрі шарттылық десек, «азғырып, азғын жолға» дерексіз ұғымды жандандыру әрі заттандыру бар. Ал, келесі шумақтағы «жүрегі мұз» метонимия, «селт етпес жылағанға» кейіптеу, «мынау» метафора «қасақы бай» метонимия «дүние қоңыз» дерексіз ұғым. Бұл шумақта акын «жүрегі мұз» сөз тіркесі арқылы байдың бет гернесін әшкерлеп, дүниеге көзі жоймайтын арманы жауыздық істейтіні қастық байшкештерді қатты сынап керемет суреттейді.

Сонымен қатар «жүрек» сөзі синигдоха тәсілдері арқылы жасалған мысалдарды да кездестіреміз.

Жараланған жас жүрек ем – дауа,
Болар ма екен көзден аққан көл науа.[45–105].

Қуарып жатқаныңда қаусап бәрі,
Мұздар – ау, жүрегінде мәңгі солар.[34–12]

Алғашқы шумақтағы «жас жүрек» шарттылық және «жараланған жас жүрек» есімшелі метафора, «ем – дауа» шарттылық, «көл науа» дерексіз ұғым. Келесі шумақтағы «жүрегінде мәңгі солар» шарттылық бұл әдеттегі құбылыс. Сондай – ақ «мұздар – ау» сөзі арқылы адамның елгеннен кейінгі бейнесін суреттейді. Ал, келесі шумақтарда синигдоханы қалай талдаланғанын байқаймыз.

Сикырласа сан жүрек сенің сырлы әуезін,
Көк пырағы қиа жолда сүріншектеп сасқандай.[36–151].

Әнші емдейді қалың елдің жүрегін,
Кең әлемді әнге бөлеп жүреді үн.[35–207]

Бірінші шумақтағы «сан жүрек» синигдоха десек «сенің сырлы әуезін» сөзі метафоралық тіркес арқылы «көк пырағы» метафора әрі «көк» әнші, «қиа жолда» синоним (қисық, тура) тәрізді, «сүріншектеп» шарттылық және «сасқандай» тенеу. Сонымен қатар келесі шумақтағы «қалың елдің жүрегін» синигдоха, «әнші емдейді» сөз тіркесіндегі «әнші» метонимия демек «кең әлемді әнге бөлеп» дегендегі «бөлеп» ұлттық өрнек десек, «әнге бөлеп» метафора «жүреді үн» сөзі дерексіз ұғымды жандандыру.

Демек ақындарымыз «сұңқар» сөзіне балама ретінде батырларды тенеуі отырып әр қырынан көрсетеді. Сондай мысалдардың біразына тоқталсақ.

Жарқырап мыңнан шыққан тұлпар еді,
Ішінде ителігінің сұңқары еді. [14–1.292].

Құста сұңқар, болмаса аңда арыстан,
Кем шығар бұл жемтіктен татпай кеткен?! [31–2.20].

Тұрағы биік шыңда болған сұңқар,
Шығады жүзден жүйірік мыңнан тұлпар.[14–1.161].

Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай,
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай.[33–244].

Жапалақ ұшса жалпандап, еремін деп сұңқарға,
Қайырылар жасық канаты, жүні қалмас бір талда.[34–30].

Әмір ибн Лейс сынды ол батыр,
Қыран құстай канатын кен қомдады.[34–24].

«Арыстандардағы «сұңқар» сөзі әр түрлі тәсілдер арқылы қолданылып жатыр. Бірінші шумақтағы «сұңқар» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал екінші шумақтағы «сұңқардай» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «сұңқардай» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «сұңқардай» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «сұңқардай» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр.

Екінші шумақтағы «жүрек» сөзі қалай қолданылып байқасақ, «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр.

Екінші шумақтағы «жүрек» сөзі қалай қолданылып байқасақ, «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр.

Пайғамбардың күйеуі – Ғалы арыстан,
Фатима мен екеуін Құдай қосқан.[14-1423]

Мал жаннан түгел безін шейіт болған,
Қадірлі оңшен қабылан, жолбарысым.[14-1425].

«Бұл арыстан басшы болса иттерге,
Арыстандай күркірер кеп иттер де,
Арыстандар бас болса ит бір күн,
Арыстандар жасар еді ит тірілік».[40-222].

Арыстан сесней қатар ол ұрғанда,
Мықты еді жүдырығы сойылдан да.[37-189].

Екінші шумақтағы «арыстан», «қабылан», «жолбарыс» сөздері «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр. Ал үшінші шумақтағы «жүрек» сөзі «жүздеп жүрген» дегенді білдіретіндігіне байланысты қолданылып отыр.

тенеу, «иттерге», «иттер», «ит» сөздері метонимия, «ит тірілік» шарттылық. Демек акын «арыстан», «ит» сөздерін қолдану арқылы әкімдер арыстан болса, итке оның манайындағыларды теңейді. Акындарымыздан ең көп кездесетін тенеу тәсілі. Сондай – ақ «арыстандай» деп тенеу арқылы, батырларымыздың бойынан күш, қайрат, ерлік, батырлықты дарытады.

Ашулы арыстандай түсі жаман,

Қалмас -- ты бұл ызаданешкім аман.[14–1,378].

Болдым ғой өнерімді тауысқандай,

Мерт болдым айға шауып арыстандай.[33–244].

Арыстандай айбатты гүр – гүр етер,

Қаһарына іліксен – басың кетер.[40–118]

Ашуыңды арыстандай ақырған,

Тұрсын ұстап жасалған тор ақылдан.[46–123]

Бұл шумақтардағы «арыстандай» сөзі тенеу, әрі шумақта кездеседі. Сонымен қатар алғашқы шумақта «түсі жаман» метафоралық тіркес әрі «түс» (он, келбет, ажар) сөздерінен синоним қатарында байқаймыз. «ашулы», «ызадан» сөздері дерексіз ұғым. Екінші шумақта акын «өнерімді тауысқандай» деп лирикалық қаһарманның киналуын байқасак және кейіпкердің мертболуын қиындыққа кез болуын да байқау қиын емес. Үшінші шумақта «арыстандай» тенеу арқылы үнінің қаттылығын, қаһарлылығынан басың кетердеп сақтандыру бар. Соңғы шумақта «арыстандай ақырған» күрделі тенеу, әрі тенеу тәсілін қолдана отырып «жасалған тор ақылдан» кесімшедеп болған метафора, «ашуыңды арыстандай» күрделі тенеу арқылы да жасалғанын байқаймыз.

Сонымен қатар метафоралық тіркес арқылы жасалған «арыстан» сөзінде кездестірілмекпіз.

Дүниенің көз жетеді тұрмасына,

Қаралы арыстанның мырзасына.[14–1,80]

Бұл сөзін Фатиманың естіген соң,

Ұстады жомарттығы арыстанның.[14–1,78]

Ит күшігін қорлай берсең бекер сен,

Жолбарыстың тырнағында кетесің.[45–69].

Бір бүктеп жолбарыстың алысқанын,

Ойды ол кара құсын арыстанның.[37–190].

Бірінші шумақтағы «арыстанның мырзалығы» метафоралық тіркес, «көз жетпеді» шарттылық арқылы алмасып, «дүниенің» дерексіз ұғымды жандандыру. Акын «арыстанның мырзасына» сөз тіркесі арқылы батама

ретінде қолдана отырып, кейіпкер дүниенің тұрақты емес, жылжып айналып тұратынын айта отырып, баянсыз мырзалықта тұрақты еместігін сөз етеді. Сондай – ақ келесі шумақта «жомарттығы арыстанның», «арыстанның жүрегі» метафоралық тіркес. Соңғы шумақтағы «жолбарыстың алысканы» метафоралық тіркес әрі шарттылық және «арыстанның» метафора тәсілі арқылы суреттелген.

Мәшһүр – Жүсіп пен парсы акындарынан осы сияқты сарындастық, үндестік мәнді сөздер кездеседі «көз», «сөз», «кара», «от», «құл», «у», «өк», «дария», «ит» «нұр» тағы басқа сөздің баламаларын қолдану айасында кең қолданылғанын байқадық.

Қорытынды

Қазақ еліміздің айтқанда Шығыс әдебиетінің озық туындыларының сюжет жағынан қазақ әдебиетіне өшпес пәр берген. Шығыс әңгірлерінің бөлуы парсы әдебиетімен тығыз байланысты, осыны байқаймыз. Шығыстың ұлы акындары: Сағди, Хафиз, Жәми, Физули, Низами, Рудаки, Руми сияқты көркем сөз шеберлерінің туындыларын акын оқып өзіне көп үйрат алып, оны ұстастрат түседі. Мәшһүр - Жүсіп ғылым - білімнің қазынасына байдасы бар екенін, қадыр - қасиетін де жан - жақты білгеніне сені. Парсы әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасындағы байланыс қарым - қатынас жасау барысында бірінде жосын, бірінде үлгі етіп ала отырып, кнесса - дастандар және өлең - жырларын ұштастырып жалғасырды.

Қазақ халқының басқа шығыс елдерімен мәдени әдеби байланысынан көзге түшсе кең. Оның тарихи тамырлары тереңде жатыр. Шығыстағы әдебиетпен бірге әдебиеттерінің небір асыл үлгілері қазақ сахнасына тиді. Шығыс әдебиетінен кең тарап келеді. Шығыстың анызы, дастандары, ертегілері таңдаумен тараумен бірге, қазақ ауыз әдебиетінің өсіп - дамуына иге өсер әсер ететінін білеміз. Қазақ акындары Шығыстың дәстүрін ұстанып әдебиеттік қалыпқа көзқарастарына сөйкес шығыстың дәстүрлі тақырыбына ұнатып, Шығыстан келген сюжеттерге, образдарға шығармалықпен қарап, олардың арқауына паным - сеніміне жақындастыра жырылады.

Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр - Жүсіп байланысын сараптағанда, қараңғы, қия, қаһарман сомдау мәселелеріндегі тәркіндестікпен қатар шығармалар сюжетіндегі үндестік, жалғастық, Мәшһүр - Жүсіп пен шығыс әдебиеті үндестігі дегенде белгілі бір тақырыптағы оның ішінде дәстүрлі тақырыпты пайдаланудағы сабақтастық мәселесіне көңіл бөлеміз. Мәшһүр - Жүсіп Көпеев заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы тұлғаларының бірі. Ол халқының мұнын мұндап, жоғын жоқтап, бірге куанып, бірге қайғырып, шындықтың адал жолын аңсаған - акын. Акын туындыларында адамзат мен, ғибратты тәрбиеге толы, дінни тұрғыдан адал да, тағдыр жоқтығы және болашақтың жолына бағыт - бағдар беруге қалдырған құнды, болашақ үшін құнды мұра.

Мәшһүр - Жүсіп Көпеев әлем әдебиетімен танысып, ұлағаткерлерінің туындыларын оқып, өзіне құнды тағылымдар жинап, оларды өзіне жол ашты. Акын шығыс поэзиясының поэтикалық табиғатымен, адамзатпен жете таныс болғандықтан, тақырып жағынан үндестік, байланысты байқаймыз. Олар адамзат өміріндегі сан алуан құбылысты: тағдыр, табиғат, өмір, махаббат, өмір қызығы, дүние қызығы, өкім, билік, өкіл, мейірім, тойымсыздық, адалдық, жауыздық, әділет, жаңашылдық, бекет, адал, адамның мінез - құлқы, салт - сана, надан, күншілдік, түңдү, көрбін, қараңғылық, сараңдық тағы басқа толып жатқан тақырыпты қамтиды.

Жұмыста қарастырылған бұлбұл, гүл, махаббат, ырап, ақыл - білім, сәуір және арыстан, сұңқар, ақ, жүрек, алтын, жылан, жан, өлең, қыңғар

сұжырымында үндестік, жалғастық бір – бірімен ұштасып жағатынын аңғардық. Және Мәшһүр – Жүсіп пен парсы ақындарынан осы сияқты сарындастық, үндестік мәнді сөздер де кездеседі «көз», «сөз», «кара», «от», «күл», «у», «көк», «дария», «ит» тағы басқа сөздің баламаларын қолдану айасында кен қолданылғанын байқадық.

Жинақтап айтқанда парсы ақындары мен Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы шығармаларын жан – жақты саралап, жинақтап, қарастыра отырып, тақырын, идея, сюжет, үндестік өз дәуіріндегі қазақ әдебиеті дамуына қосқан үлесі мол. Қай уақытта болмасын Мәшһүр – Жүсіп Көпеев шығармалары заманның жыршысы, адамзат баласының рухани азығы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973.
2. Бөжеев М. Қисса – хикаялар. Жұлдыз. – №2. 1972.
3. Жүсіпов Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелік монография. Павлодар унeвирситет баспасы 1999 – 384 бет.
4. Күмісбаев Ө. Екі перне. Алматы: Жазушы, 1980
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002. – 360 бет.
6. Сүйіншәлиев Х. VIII -XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1989. – 360 бет.
7. Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті Алматы: Мектеп, 1982.
8. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. Алматы: Жазушы, 1977.
9. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы: Мектеп, 1988. – 163 бет.
10. Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүр. ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Астана, 2001. – 27 бет.
11. Жүсіпова Г.Қ. Мәшһүр – Жүсіп дастандары: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1998. – 24бет.
12. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының фольклоршылық еңбегі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Астана, 1998.
13. Қалижан У. Мәшһүр – Жүсіп .Алматы: Атамұра,1988. – 30 бет.
14. Мәшһүр – Жүсіп Көпеев көп томдық шығармалары. I – том Алматы: Алаш, 2003. – 504 бет.
15. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы Қазақ әдебиеті. Алматы: Білім, 1993. – 248 бет.
16. Қоныратбаев Ә. Қоныратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Алматы: Қазақ университеті, 1991.
17. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. Алматы: Жазушы, 1970.
18. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы: Қазақстан, 1971.
19. Әбішев Д. Мәшһүр – Жүсіп Жұлдыз. №2. 1992.
20. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991.
21. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. Жазушы. 1966. – 208 бет.
22. Нығмет Е. Уақыт сыры Алматы: Жазушы, 1981. 200 – 215 бет.
23. Бөжеев М. Мәшһүр – Жүсіп мұралары хақында Жалын. – №3. 1974. 127 – 133 бет.
24. Жемей И. Хафиз және қазақ әдебиеті. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. Алматы, 2000. – 122 бет.
25. Сағынғали С. / Құрастырған Сағынғали Сейітов – Сәтбас жұлдыздар. Алматы: Қазақстан 1966. – 452 бет.

- 26 Зейнулина А.Ф. Мәшһүр – Жүсіп Көпеев шығармаларындағы шыныстық сарын мақала Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ 2001. 39 – 47 бет.
- 27 О.Һойям. Рубайлар / Ауд. Қ.Шанғытбаев. // Шығыс жұлдыздары. Алматы: Жазушы. 1973. 39 – 104 бет.
- 28 Ә.Науаи./ Құрастырған Сағынғали Сейітов //Сөнбес жұлдыздар. Алматы: Қазақстан 1966. 180 – 209 бет.
- 29 Ш.Хафиз. / Құрастырған Сағынғали Сейітов // Сөнбес жұлдыздар. Алматы: Қазақстан, 1966. 134 – 149 бет.
- 30 Ш.Хафиз. / Ауд. С.Асанов // Гүлстан. Алматы: Жазушы. 1969. 80 – 84 бет.
- 31 Мәшһүр – Жүсіп Көпеев көп томдық шығармалары. 2 – том Алматы: Алаш, 2003. – 432 бет.
- 32 Мүгеліева Р.М. Мәшһүр – Жүсіп және Низами мақала Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ 2001. 109 – 119.
- 33 Ай, заман – ай, заман – ай (бес ғасыр жырлайды) т. 2 – Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитет бас редакциясы. 1991. 240 – 252 бет.
- 34 Ә.Рудаки. / Ауд. Қ.Бекхожин. // Шығыс жұлдыздары. Алматы: Жазушы. 1973. 9 – 36 бет.
- 35 Ә.Жәми. / Ауд. С.Оспанов. // Шығыс жұлдыздары. Алматы: Жазушы. 1973. 193 – 236 бет.
- 36 Ш.Хафиз. Ғазалдар. / Ауд. Ә.Жәмішев. // Шығыс жұлдыздары. Алматы: Жазушы. 1986. 147 – 189 бет.
- 37 М.Сағди. Жәннат. / Ауд. М.Әлімбаев. Алматы: Жазушы. 1981. – 332 бет.
- 38 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет / Ауд. М.Жармұхамедұлы. С. Дәуітұлы Алматы: Мұраттас. 1993. – 262 бет.
- 39 Ә.Рудаки. Тандамалы шығармалар. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет. 1958. – 78 бет.
- 40 Жүсіп. Баласағұн Құтты білік / Ауд. А.Егеубаев Алматы: Жазушы. 1986. – 611 бет.
- 41 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. / Алматы: Ана тілі. 1991. – 264 бет.
- 42 Мәшһүр – Жүсіп Көпеев көп томдық шығармалары.3 – том Алматы: Алаш, 2004. – 376 бет.
- 43 Ә.Рудаки Гүлстан / Ауд. Қ.Бекхожин Жазушы: Алматы. 1969. 3 – 23 бет.
- 44 Ж.Руми. / Шығыс жұлдыздары. Алматы: жазушы. 1973. 107 – 119 бет.
- 45 М.Сағди. Гүлстан. / Ауд. М.Әлімбаев. Алматы: Жазушы. 1969. – 280 бет.
- 46 М.Сағди. / Ауд. М.Әлімбаев. // Шығыс жұлдыздары. Алматы: Жазушы. 1973. 123 – 143 бет.